

Жаңаарқа ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы XXXVIII сессиясының № 38/255 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 қаңтарда № 2921 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 64/517 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 10.12.2020 № 64/517 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жаңаарқа ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен отын сатып алу үшін статистика органдарының мәліметтері бойынша 1 (бір) тонна көмірдің бағасы мөлшерінде жылына біржолғы әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат хатшысы,
кезекті XXXVIII сессияның
төрағасы

М.Абдишев

КЕЛІСІЛДІ:

"Жаңаарқа ауданының жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы
Ш. Ибраева

23 желтоқсан 2014 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК